

## Шнет селосының көшесіне атау беру туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы Рахымжан Қошқарбаев ауылдық аймағы әкімінің 2009 жылғы 17 тамыздағы № 3 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 қыркүйекте № 1-17-109 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы», Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, Шнет селосының тұрғындар жиналыстарының 2009 жылдың 12 маусымындағы № 8 хаттамасын есепке ала отырып, Рахымжан Қошқарбаев ауылдық аймағының Әкімі

**ШЕШТІ:**

1. Шнет селосында:

№ 1 көшесіне «Дінмұхаммед Қонаев» атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Целиноград ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Рахымжан Қошқарбаев

ауыл аймағының әкімі

міндетін атқарушы

А.Кнабаев

**КЕЛІСІЛДІ:**

«Целиноград ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ш.Өтегенова

«Целиноград ауданының сәулет және

қала құрылысы бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

А.Сағымбаев